

Райымбаева Мейрамкул Бектайызқызының

2015 жылы 16 қазанда «Критериалды бағалау- сапалы білім өлшемі» тақырыбындағы аудандық семинарда биология пәнінен 7 класта «Жұмыр құрттардың жалпы сипаттамасы. Олардың құрылысы мен тіршілік әрекеттері және адам мен жануарлар үшін маңызы.» тақырыбында өткізген ашық сабағының *рефлексивтік есебі*

Сабақтың мақсаты: Жұмыр құрттардың құрылысын білу, олардың жалпаққұрттардан ерекшелігін және кластарын бір-бірінен ажырату және маңызын түсіну.

Күтілетін нәтижелер:

- Құрттардың бір-бірінен өзара айырмашылығы бар екендігі, олардың жалпақ, жұмыр, буылтық болып бөлінетіндігін біледі;
- Жұмыр құрттарды жалпақ құрттардан ажырата алады;
- Құрттардың паразиттік түрлерін жұқтырып алмау үшін адамның жеке басының гигиенасын сақтау керектігін біледі;
- Қойылған сұраққа нақты жауап береді, өз беттерімен қорытынды жасайды; -Ұсынылған тақырып туралы өзгелердің пікірін тындайды;

Пәнаралық байланыс: География, медицина

Ресурстар: Ақ қағаз А3, клей, қайшы, суреттер, доп, «Сиыр цепенінің даму айналымы» аппликация моделі схемасы, интерактивті тақта, үлестірме материалдар, құрттардың суреттері;

Сабақ кезеңдері:

Сабақ амандасу (оқушыларды жылы жүзбен қарсы алу, «Көңіл-күй сыйлаймын» тренингінен басталды. *Оқушылардыңзейіндері анықталды.* Қол көтеру арқылы орындалады.

<i>Жалпақ құрттар</i> (оң қол)	<i>Жұмыр құрттар</i> (сол қол)
ақ сұлама айырдене сиыр цепені	кылқұрт адам ішексорғысы үшкірқұрт

Оқушыларға түрлі-түсті қағаз қиындылары таратылды, солардан сурет құрастыруды және сол суретпен байланыстырып өз топтарын қысқаша таныстыру тапсырылды. Сурет қиындыларын құрастыру (мозаика) арқылы топқа бөлінді. Оқушылар суреттерді жылдам құрастырып, сол суретпен өздерінің топтарына шағын таныстырылым жасады.




1-топ. Бірінші топтың оқушылары ақ сұлама суреті бойынша. 2-топ. Екінші топтың оқушылары сорғыш құрттар суреті бойынша. 3-топ. Екінші топтың оқушылары таспа құрттар суреті бойынша.

- Ой қозғау («Доп тастамақ» ойыны бойынша допты қағып алған оқушылар сұрақтарға жауап берді)
1. Зоология ғылымының паразит құрттарды зерттейтін саласы.
 2. Тип неге жалпақ құрттар деп аталған?
 3. Жалпақ құрттар типіндегі ағзалардың ішекқуыстыларда болмаған жаңа жүйесі және оның қызметі.
 4. Паразиттікпен тіршілік ететін жәндіктер денесінің құрылысында қандай ерекшеліктер бар?
 5. «Сиыр цепенінің даму айналымы» аппликация моделі схемасы түсіндір.
 6. Сиыр цепенінен сақтану шаралары туралы баянда.



Адам денесінде құрттар кездесетінін білесіңдер. Олардың қандай түрлерін атай аласыңдар? Интербелсенді тақтадан не байқадыңдар? Бұл суреттен қандай айырмашылықтарын көреміз.



Денесінде бунағы да, буылтық та болмайды,
Ағза ішінде болсадағы өзін – өзі қорғайды.
Олар құрттың өз алдына бір тобы,
Ойланып көр білесін бе сен оны?

Оқушылар дәптерге тақырыпты жазды § 43. **Жұмыр құрттардың жалпы сипаттамасы. Олардың құрылысы мен тіршілік әрекеттері және адам мен жануарлар үшін маңызы.**

Жаңа сабақтың мақсатын оқушыларға таныстырды. Оқулықтың 191-бетін және 192-беттің алғашқы 2 - абзацына дейін оқиды. Оқып болған соң, тірек-сызбаны толтырды.

I деңгей. Жұмыр құрттар типіне жататын жәндіктердің ерекшеліктері. Тірек-сызба толтыру. **II деңгей**

1. Жұмыр құрттардың денесі...қапталады.
2. Ауыз қуысы денесініңжағында, ал аналь тесігі...жағында орналасқан
3. Жұмыр құрттардың тынысу және қан тарату жүйесі...
4. Аталығынан аналығы...
5. Денесін қысқарта да, соза да алмайды, себебі...жоқ

Ойна, ойла №12 интербелсенді ойыны



I топ Венн диаграммасы. *Жалпақ құрттар және жұмыр құрттар.*

II топ. *Фото суреттермен лайықтап жұмыс жасауға бағыттау. Фотосуреттерді іріктеу ерекше тақырыпты көрсету үшін іске асырылады. (үшкір құрт, ішексорғыш, суыртқы, қылқұрт, жіпшеқұрт т.б.) Зерттеудің негізгі мақсаттары әрекет басталмай тұрып айқындалуы керек. Оларды әртүрлі критерийлер бойынша топтап, түсіндіру «Ішексорғының дамуы» апликация моделі схемасын көрсету. III топ. Мәтінмен жұмыс, мәтінге тақырып қою.*



Оқушылардан «бағдаршам» әдісі арқылы бағалауды ұйымдастырылды. Жасыл смайлик – түсіндім. Сары смайлик – жартылай түсіндім. Қызыл смайлик – түсінбедім. *Оқушылар енді серпілейік, араларымызда кім зерек екендігін білейік. Жұмбақ шешейік...*

мекені
жыныс екені,
оның далада
жүрген балаға.

2. Бұл жұмырқұрт ащы ішекте болады,

Өз қорегін жұтқыншақтан сорады.

Үш ернімен көмкерілген аузы бар,

Бұл жұмбақтың шешуін сен тауып ал.

Оқушыларға интербелсенді тақтадан көрсетіліп **Есінде болсын!** (Ішқұрт ауруларынан сақтану)

үлестірме қағаз таратылады

Ойлан тап, бұл не? (сол жануар туралы қысқаша мәлімет айтылады, жасырын түрде. Оқушылар жауабын табуы керек.) **1.** Өсімдік паразиті, олардың мөлшері 1мл-ден аспайды. (*Жіпшеқұрты*) **2.** Жылқының құйрық қылына ұқсас

1. Жас баланың тік ішегі
Көпке мәлім дара
Жұмыртқасы дамиды
Жұқпайды ол таза

шумақталған жіңішке тұрқы 1м жұмыр құрт түрі.Адамға ешқандай зияны жоқ. *(Қылқұрт)*

3.Бүйен мен соқыр ішекті қабындырып жүйке жүйесіне әсер ететін тұрқы 30-40мм ақ түсті құрт.Адамға қайнамаған су ішкенде жұғады. *(Қылдырықбас)* **Ғажайып шеңбер.**Мына шеңберден құрттардың аттарын құрастырындар және оған сипаттама беріңдер.

Ішексорғыш

Үшкір құрт

Суыртқы **Ойланып, сұраққа жауап**

бер.

Жуылмаған таңқурайды жеген адамда бір аптадан соң жөтел

басталып, өкпеге суық тигендіктің (күн жылы болатын) белгілері байқалады. Екі жарым айдан соң зертханалық сараптаманың нәтижесі паразит құрттардың жұмыртқасы бар екенін анықтады. Бұл қандай құрт болуы мүмкін.



«Қоржыныма салынған білім (оқушы сөмкесі)» стикерлерге жазылып, жапсырылды

- Қандай жаңалық білдім?
- Менің білімім қалай өзгерді (толықты),оны қайда қолданамын?
- Сабақтан алған әсерім...

(Бүгінгі сабақта мен көп нәрсені білдім.Енді бұл алған білімімді өмірде қолдана аламын. Көптеген заттарды түсіндім. т.б.)

§43; Жұмыр құрттардан пайда болатын аурулардан сақтану шараларынан қысқаша хабарлама жазу. Венн диаграммасы.